

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Құрман орта мектебінің

2023-2024 оқу жылындағы «Сахна таланттары» театр үйірмесінің жұмысына талдау

Жылдық жүктемесі- 0,5

Үйірменің мақсаты:

- Мектеп қабырғасында білім алып жатқан оқушылардың арасынан шығармашылыққа бейімдеу, дарынды оқушыларды іріктеу, талантын ұштау, ой-өрісін дамытып, актерлік шеберліктерін қалыптастыру.
- Белгілі драматург жазушылардың шығармашылығымен сусындатып, рухани дүниесін байыту, сөйлеу мәдениетін, қиялын ұштап, ойын көркемдеу.
- Көркем әдебиетке, өлең-сөзге деген қызығушылығын оятып, болашағына бағыт-бағдар беру.
- Үйірме мүшелерінің шығармашылыққа деген көзқарасын қалыптастыру.
- Сахна шеберлігін шыңдап, актерлік қабілетін дамыту. .

Үйірменің міндеті:

- әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән – мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу;
- көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;
- жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

Құрман орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында «Сахна таланттары» атты драма үйірмесі жаңа жұмыс жоспарын, жаңа оқушылар құрамын толықтырып, жұмыс кестесін бекітті. Жалпы сағат саны -288. Жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Үйірме аптасына екі рет 8сағат. Сәрсенбі,Бейсенбі күндері 2 сағат үлкен топқа, екі сағат кіші топқа болады. Оқушылар саны-27

№	Өткізілетін күні	Уақыты	Жауапты	
1	Сәрсенбі	Кіші топ 14.30-15.15 15.20-16.05	Үлкен топ 16.10-16.55 17.00-17.45	Аманғалиева Ақмарал
2	Бейсенбі	Кіші топ 14.30-15.15 15.20-16.05	Үлкен топ 16.10-16.55 17.00-17.45	Аманғалиева Ақмарал

Үйірме оқушыларының үйірмеге қатысуы жоғары деңгейде, қызығушылықтары артуда. Жоспар бойынша бекітілген тақырыптар бойынша оқушыларға түсінік беріледі, жоспар бойынша берілген шығармаларға сахналық қойылымдар қойылады. Жоспардан тыс мектепшілік іс-шараларға да белсене қатысады.

25- қазан Республика күніне орай, «Тәуелсіздік- болашағым» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мақсаты: Үйірме мүшелерінің актерлік өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, елге, Отанға деген құрметтерін кеңейту, сахна мәдениетін

дұрыс меңгеруді қалыптастыру. Концертке үйірме қатысушылары түгел ұйымшылдықпен қатынасты.



Күз мезгіліне орай, «Алтын күз» атты күз туралы өлеңдер оқу челленджін жолдады.



Қараша айында оқушылардың демалыс кезіндегі уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Әкеге – ізет, анаға – құрмет» атты ақындар мүшайрасы ұйымдастырылды. Қатысқан оқушылар жүлдері орындарға ие болып, дипломдармен марапатталды.



Желтоқсан айында «От ауызды, орақ тілді – Оразалы» ақын Оразалы Досбосынов туралы үйірме оқушыларымен өткен танымдық сабақ өткізілді.



Қаңтар айында 2-3 сынып оқушыларына Көлеңкелі театр бойынша «Жеті лақ», «Шалқан», «Бауырсақ» ертегілерін сахналап берді. Алдағы уақытта да жоспарда көрсетілген іс-шаралар өткізіліп, әлеуметтік желіде көрсетілетін болады.



КӨЛЕҢКЕЛІ ТЕАТР "ЖЕТІ ЛАҚ", "ШАЛҚАН" ЕРТЕГІЛЕРІН ҚОЙДЫ



Мектепшілік 22- наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай, «Қош келдің, Әз Наурыз» атты іс-шарады үйірме мүшелері өз өнерлерін көрсетті.



Жетістігі: "Ақтөбе-Дарын" өңірлік ғылыми тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен "Театрдың ғажайып әлемі" атты облыстық байқаудан мектебіміздің «Сахна таланттары» үйірмесінің оқушылары «Жетім қыздың монологы» қойылымын қойып, өнерлерін көрсетті.



**Үйірме жетекшісі: Аманғалиева Ақмарал
2023-2024 оқу жылы**

